

ЕГЕМБЕРДИЕВА АЙМАН БАТЫРБАЙКЫЗЫ

**Өндірістік оқыту шебері
Түркістан облысының адами
әлеуетті дамыту басқармасының
«№ 16 колледж» МКҚК**

Сабақтың тақырыбы «Тік белдемшенің өңделу әдісі»

Модуль/пән атауы: КМ 01.Тігін бұйымдарының құрылымдары мен өрнектерінің
сызбаларын орындау

Дайындаған өндірістік оқыту шебері: Егембердиева Айман Батырбайқызы
30.11.2023 жыл

1. Жалпы мәліметтер:

Курс: 1 Топ: T-81/23

Сабақ түрі: Өндірістік оқыту

2.Мақсаты. Міндеттер

**2. 1. Оқу сабақтары барысында білім алушылар игеретін кәсіби біліктердің
тізбесі:**

Тік белдемшенің өңделу жолдарына қойылатын технологиялық талаптар. Тік
белдемшені пішу және бөлшектерді кесу, қию операцияларын орындау
Белдемшелердің түрлерімен таныстыру. Олардың сызбасын құрастырудың
ерекшеліктері, әдіс тәсілдері және есептеу жұмыстары туралы түсінік беру.

2.2. Бағалау критерийлері:

- ✓ Лекаланың дұрыс орналасуы
- ✓ Матаның дұрыс жайылуы
- ✓ Бұйым бөлшектерінің дұрыс қырқылуы.
- ✓ Жөрмеу тігісінің орындалуы
- ✓ Дублириннің матаға жабыстырылуы.
- ✓ Тігіс арақашықтығының сақталуы.
- ✓ Ылғалды жылумен өңдеу әдістері

3. Сабақты жабдықтау:

3.1.Оқу – әдістемелік құрал-жабдықтар:

Ворлдскиллс стандарттары, техника қауіпсіздігі туралы плакаттар, технологиялық
нұсқау карталары, плакат, дидактикалық материалдар, тест сұрақтары, сабаққа
қажетті элементтер.

Әдебиеттер:

- 1.Тігін өндірісінің технологиясы. Оқулық. Э.К. Амирова. «Академия-2016» баспасы.
- 2.Тігін өндірісінің жабдықтары. Оқулық. А.Оралбекова, С.Әбдіжаббарова. «Фолиант-2011» баспасы.
- 3.Тігін өндірісіндегі материалтану.Оқулық.И.Захарченко. «Фолиант-2016» баспасы

3.2.Техникалық құралдар,материалдар:

Слайд, ақпараттық материалдар, интерактивтік тақта, видеоролик тақта, миллиметровка, ватман, калька, сызбалар, сантиметрлік таспа, кестелер, сызғыш, бор, кайшы, мата, тігін машинасы, үтік, тігін жіптері, тігінші түйрегіштері.

4.Сабақтың барысы:

4.1 Ұйымдастыру кезеңі (3-5 минут)

1. Білім алушылардың сабаққа қатысуы мен дайындығын тексеру.
2. Білім алушылардың арнайы киімдерін тексеру.
3. Ынтымақтастық ортасын құру.
4. Топты 2 жұмыс тобына бөлу. (Шебер қолдар, Ою-өрнек)
5. Материалдар мен құрал саймандарды таныстыру.

4.2 Кіріспе нұсқау (15 минут)

- Сабақтың тақырыбы мен мақсатымен таныстыру.
- Оқушылардың практикалық дайындығын тексеру.
- Сабақта жоспарланған жұмыс барысын, жаттығулар мен өз бетінше жұмыстардың орындалу тәртібін түсіндіру.
- Сызба, схема мен кесте жасайтын техникалық бұйымдар туралы түсінік беру.
- Өку-өндірістік жұмыстарға қажетті материалды объектілерді демонстрациялау.
- Оқушыларды оқу-өндірістік жұмыстарды орындауға қажетті құрал-жабдықтармен, құрылғылармен және аспаптармен таныстыру.

4.3 Алдыңғы тақырып бойынша үйге берілген тапсырманы сұрау:

-Пішін мағынасы? (Жауабы: *(лат. forma)*-бұйым затының сыртқы түр сұлбалары.)

-Пішім дегеніміз не?(Киімнің конструктивтік құрылымын анықтайтын конструкция түрі)

-Силуэт – (адамдардың фигура мен заттардың бір түсті жазық олардың көлеңкесіне ұқсайтын,суреті салынған немесе қағаздан, матадан ойып алынған суреті)

-Силуэттің қанша түрі бар:(1. Қынама, 2. Жартылай қынама 3. Классикалық силуэт)

-Конструкциялау дегеніміз? (Тігін бұйымдарын жобалаудың маңызды бөлігі)

-Киім конструкциясының бөлшектенуіне қарай неше топқа бөлінеді?(1. Иықты киім 2. Белдік киім)

4.4. Жаңа сабақты түсіндіру: (55-минут)

Белдемшенің шығу тарихы

Белдемшенің ең көне элементтерінің бірі белдік болатын. Оған қару және жорықта қалталар ілінген. Белдікке тартылған терілер, жапырақтар, маталар алғашқы белдемшенің түп нұсқалары еді.

Орта ғасырларда белдемше дегеніміз тамаққа қатырылып жиналған және белге оралған, ұзындығы тізеге дейін жеткен киім еді. Оны еркектер де, әйелдерде кие берген.

XV ғасырдан бастап готикалық белдемшелері көкірек тартқышқа бекітілді.

XVI ғасырларда бай әйелдер шомбал, көлемді, салмағы ауыр киімдер кие бастады.

Жамбастарына диаметрі азайтылған, былғары белдіктерге мінген бірнеше металдардан жасалған кринолин - каркас киді. Бұл белдемшенің қозғалмауын және конустық формада болуын сақтады.

XVII ғасырда бүрмелеу, түлі - түсті гирлянд, өрнектеу, шашақтар сияқты әшекейлеуі көп жұмсақ белдемшелер көбірек пайда болды.

XIX ғасырда ғажайыбы мол мода белдемшені біресе кең, біресе тар, етіп, оған шлейф жапсырмалатып, сымнан жасалған қатпарлы каркастар ілініп жасалды.

XIX ғасырдың соңында ғана әйел киімдері қарапайым бола бастады. Блузка мен белдемше жұптасқан ансамбль көбірек орындалды. Белдемше еркін, қолайлы, күнделікті өмірге ыңғайлы бел бұйымына айналды.



Белдемшелер белдік бұйымдарының ең басым тобын құрайды. Белдемше костюмнің бөлігі ретінде, жеке немесе көйлектің бөлігі болуы мүмкін. Белдемшеге: әдемілік, қарапайымдылық және ыңғайлылық талаптары қойылады.




Белдемше: силуэті бойынша - тік, етек жағынан кеңейтілген, етегінен тарылтылған болып келеді. Ал пішімі жағынан – тік, қиықты, конусты болады.

Тік белдемшелер бір тігісті, екі немесе үш тігісті; қатпармен немесе қатпарсыз, кең етекті - жиырылған немесе қатпарлы болады.

Мата таңдау.

Белдемшенің матасы әртүрлі болып келеді. Мысалы: жазда салқын түстегі (ақ, көк, көгілдір), жеңіл маталарды пайдаланамыз. Қыстыгүні жылы түстегі (қара, қызыл) қалың маталарды қолданамыз. Белдемшеге мата таңдау белдемше моделіне, пішініне, мезгілге және фигура ерекшелігіне байланысты таңдайды. Тік белдемше дайындағанда тығыз, ауыр (жүн, зығыр, тоқыма) маталарды пайдаланған дұрыс. Ал қиық, күліш белдемшелерге жеңіл, жібек маталар қолданылады.

Тік белдемшенің сызбалары



Белдемшенің негізгі сызбасын құрастыру үшін қажетті өлшем бірліктер тізбегі:

<i>P\с</i>	<i>Өлшем бірліктері</i>	<i>Шартты белгі</i>	<i>Мөлшері</i>
1.	Бел өлшемі	От	70/2
2.	Бөксе өлшемі	Об	96/2
3.	Бөксе биіктігі	Вб	18
4.	Тізеге дейінгі ұзындық	Дк	55

Тік белдемшенің сызбасын құрастырудың нұсқау картасы

<i>P\с</i>	<i>Сызбадағы шартты белгі</i>	<i>Жұмыстың орындалу жүйесі</i>	<i>Есеп формуласы</i>	<i>Есебі</i>
1.	Дк	Базистік тордың ұзындығы		55
2.	Об	Базистік тордың енін	$Об/2$	$96/2=48$
3.	Дтп	Алдыңғы бой бөлігін табамыз	$Об/2+1$	$48/2+1=25$
4.	Дтзч	Артқы бой бөлігін табамыз	$Об/2-1$	$48/2-1=23$
5.	Вб	Мықын сызығы. Бел сызығынан мықын сызығына дейінгі аралық		18
	Дтп	Алдыңғы бой бүкпесінің орнын табамыз	$(Об/2+1)*0,4$	$(48/2+1)*0,4=10,7$
	Дтзч	Артқы бой бүкпесінің орнын табамыз	$(Об/2-1)*0,4$	$(48/2-1)*0,4=9,9$
	Р		$Об/2-От/2$	$48-35=13$
	Бв	Боковой выточкасын табамыз	$Р=13/4$	$13/4=3,25$
	Дтп	Алдыңғы бой бүкпесін есептеу	$Р/6=2,1/2$ Выточка ұзындығы-	$13/6=2,1/2=1$

			10см	
	<i>Дмзч</i>	<i>Артқы бой бүкпесін есептеу</i>	<i>$P \setminus 3 = 4,3 \setminus 2$ Выточка ұзындығы- 14см</i>	<i>$13 \setminus 3 = 4,3 \setminus 2 = 2,1$</i>

Қорытындылай келе **Белдемшенің негізгі сызбасынан тік белдемшесін модельдеу**, бейне ролик /10 минут/

<https://youtu.be/MFDnvzJP-R4>

Жаңа тақырыпты конспектілеу.

4.5. Жаңа материалды кіріспе нұсқау бойынша бекіту

- Кіріспе нұсқауды қалай түсінгенін сұрау, бақылау, бекіту, егер қажет болса тиісті жерлерін қайталау.
- Оқушыларға тапсырма беріп, жұмыс орындарына бөлу.

4.6. Жаңа тақырыпты меңгеруге байланысты еңбек тәсілдерін баяндау (тапсырмалар мен нұсқау туралы карталары – 10- минут)

- Wordskills ережелеріне сәйкес жұмысты берілген уақытта орындау талабын түсіндіру. Жұмысты тиімді орындау сапасын бақылау тәсілдері мен әдістерін, түсіндіру және көрнекі көрсетуді демонстрациялау.
- Қателіктер мен ақаулардың алдын алу және болдырмау шараларымен таныстыру.
- Оқу-өндірістік жұмыстарды атқару кезінде жұмыс орнын тиімді ұйымдастыра білуді түсіндіру және көрсету.
- Wordskills ережелеріне сәйкес жұмысты атқару кезінде еңбек және қауіпсіздік ережелерін талабының орындалуын түсіндіру.

4.7. Ағымдағы нұсқау. Студенттердің тапсырмалары мен өз бетімен орындайтын жұмыстары

- жұмыс орнының дұрыс ұйымдастырылуы;
- еңбек қызметін, тәсілдерін дұрыс атқаруы;
- бақылау -өлшеу аспаптары мен құрал -жабдықтарды дұрыс пайдалануы;
- техникалық құжаттарды пайдалана білуі;
- техника қауіпсіздігі ережелерін және өндірістік санитария мен гигиена нормаларын сақтауы.

4.8. Әр топтың жұмыс орындарын аралау

1- аралау: Кіріспе нұсқаудан соң, барлық студенттер іске кіріскен кезде;

2- аралау: Жұмыс орындарын дұрыс ұйымдастырғанын, тәсілдерді меңгеру дәрежесін, материалдар мен құралдарды тиімді пайдалану, техника қауіпсіздігі ережелерін сақтауды тексеру.

3- аралау: Жұмысты атқару барысында жіберген қателіктері және оларды жою жолдарын анықтау.

4.9. Қорытынды нұсқау (5-минут)

Өндірістік оқыту сабағы қорытындылады: студенттердің жақсы жұмыстары атап өтіледі, барлық қатысушыларға көрсетіледі; қателері сипатталады, олардың пайда болу себебі талқыланады; жабдықтарды, жұмыс орны мен еңбек тәсілдерін тиімді пайдалануды талдау

4.10. Студенттерді бағалау

Студенттердің сабақ барысындағы белсенділігі үш критерий бойынша бағаланады.

Бағалау парағы

Қ /с	Топтың атауы	Практикалық жұмыстың сапасы	Материалдар мен құралдарды тиімді пайдалануы	Техника қауіпсіздігі ережелерін сақтауы	Қорытынды баға
1					
2					

5. Сабақ бойынша рефлексия

5.1. "Сұрақ-жауап" әдісін пайдалана отырып студенттермен кері байланыс жасалынды.

- 1. Белдемше силуэті бойынша қандай түрлерге бөлінеді:** тік, етек жағынан кеңейтілген, етегінен тарылтылған
- 2. Белдемшелер пішімі жағынан:** тік, қиықты, конусты
- 3. Белдемшенің негізгі сызбасын құрастыру үшін қажетті өлшем бірліктер тізбегі:** Бел өлшемі, бөксе өлшемі, бөксе биіктігі, тізеге дейінгі ұзындық
- 4. Тік белдемшені дайындағанда қандай маталарды пайдаланған дұрыс:** тығыз, ауыр (жүн, зығыр, тоқыма)
- 5. Белдемшені пішкенде матаның қай түрін пайдаландық?** Гавардин, сәтен
- 6. Бұйымды пішкенде матаның қай жағынан пішеміз?** Теріс бетінен
- 7. Белдемшені пішкенде тігіске қанша см қалдырған дұрыс:** 1 см

6. Үйге тапсырма (2-минут)

Еркін тапсырма: тақырып бойынша үйде мүмкіндігінше жұмысты қайталап жасап үйрену. Видеоға, суретке түсіріп көрсету.

Өндірістік оқыту шебері:

Егембердиева